

**«Поэтикалық дискурстағы просодикалық ерекшеліктерінің
коммуникативті-прагматикалық аспектісі (қазіргі заманғы ағылшын
және қазақ поэзиясының материалдары негізінде)» тақырыбына
жазылған Сраилова Ақмарал Бердалиевнаның диссертациясына
ПКІР**

Диссертациялық жұмыс қазіргі ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурстың құрылымдық және мазмұндық сипаты мен просодикалық ерекшеліктерінің коммуникативті-прагматикалық аспектісін зерттеуге арналған. Жұмыста ағылшын және қазақ поэзиясының материалдары салыстырмалы түрде қарастырылып, екі тілдің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне сай қалыптасқан ырғақтық-интонациялық жүйелердің ортақ және айрықша белгілері ашылған. Зерттеу барысында поэтикалық дискурстың құрылымдық, прагматикалық және экспрессивтік ерекшеліктері теориялық және эксперименттік түрғыда сараланған.

Зерттеу жұмысының өзектілігі қазіргі тіл білімінде поэтикалық дискурстың прагмалингвистикалық аспектілеріне ерекше назар аударылуымен тікелей байланысты, сондай-ақ ағылшын және қазақ тілдеріндегі поэтикалық дискурсты салыстырмалы түрғыда қарастыру отандық тіл білімінде алғаш рет қолға алынып отырған тың бағыт болып табылады. Сонымен қатар, жұмыс нәтижелері өз кезегінде қазіргі стратегиялық құжаттарда белгіленген ғылымды жаңғырту мен халықаралық ғылыми кеңістікке интеграциялау міндеттерімен сабактасып жатыр.


Диссертацияда теориялық негіздер мен әдіснамалық ұстанымдар кешенді пайдаланылып, поэтикалық мәтіннің құрылымдық-семантикалық сипаттары мен прагматикалық мазмұны тың қырынан талданған. Зерттеу нәтижесінде поэтикалық мәтіндегі сөйлеу, актілері мен просодикалық тәсілдердің прагматикалық әлеуеті, олардың автор интенциясын жеткізудегі және адресатқа эмоциялық әсер етудегі қызметі анықталған. Экспериментті-фонетикалық талдауларда қазіргі компьютерлік бағдарламалардың мүмкіндіктері тиімді қолданылып, алғынған нәтижелер теориялық тұжырымдармен ұштастырылған.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы отандық тіл білімінде поэтикалық дискурс алғаш рет ағылшын және қазақ сияқты туыс емес тілдер негізінде салыстырмалы түрғыдан қарастырылуында. Жұмыста қазіргі ағылшын және қазақ поэзиясындағы просодикалық ерекшеліктер коммуникативті-прагматикалық түрғыдан талданып, эксперименталды және аудиторлық қолданбалы әдістер арқылы кешенді ғылыми зерттеу нысанына айналып отыр.

Диссертацияның теориялық маңызы — поэтикалық дискурстың жаңа қырларын ашу арқылы прагмалингвистика мен поэтика тоғысындағы зерттеулерді байытуында. Практикалық маңызы — нәтижелерді филология мамандықтарының арнайы курстарында, қазақ тілінің ұлттық корпустарын толықтыруда және поэтикалық мәтіндерді талдау тәжірибесінде қолдануға болуында.

Зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер мен жасалған қорытындыларды саралай келе, Сраилова Акмарал Бердалиевна «Поэтикалық дискурстағы просодикалық ерекшеліктерінің коммуникативті-прагматикалық аспектісі (қазіргі заманғы ағылшын және қазақ поэзиясының материалдары негізінде)» атты жұмысының негізінде «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Мурзагалиева Марал Қазкеновна,
ф.ғ.к., доцент м. а.,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**



+77772907553

Maral.Murzagaliyeva.M@kaznu.edu.kz